

6D010900-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Камшат Казбековна Забиеваның «Болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға WEB технологияларды қолдану әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді (бағытын көрсету)	К.К.Забиеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаның бағыттарына сәйкес. Атап айтсақ: -педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту; -білім алушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету; -білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру; -ғылымның интеллектуалдық әлеуетін нығайту сияқты міндеттерді өз зерттеу жұмысында басшылыққа алып отырған. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына(7,8), яғни білім мен ғылым саласындағы зерттеулер және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жеткілікті ашылған. Докторант өзінің зерттеу жұмысында математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін Web технологияларды

			қолданып дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп және оқытуда қолданудың дидактикалық шарттарын анықтап, әдістемесін әзірлеп ұсынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант диссертацияны жоғары деңгейде дайындап жазып шыққан. Зерттеу жұмысынан қойылған талаптарға сәйкес келетін диссертациялық жұмыстың дербестігінің жоғары деңгейін көруге болады. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жетілдіру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі, сондықтан болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін Web технологияларды қолданып дамытуды қарастыратын диссертация, ізденушінің өзіндік жеке зерттеу жұмысы болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігін талдау барысында жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолдану қоғамның сұранысы болып табылатындығы мен оның педагогика ғылымында теориялық және практикалық жағынан аса жете негізделмеуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі айқындалған. Осы қарама-қайшылықтарды шешудің маңызды бағыттарының бірі мұғалімдердің кәсіби деңгейін жетілдіру ол үшін, болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін Web технологияларды қолданып дамыту әдістемесін дайындау бағытын күшейту болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындай; 2) жартылай	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және

		<p>айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>қосымшалардан тұрады. Кіріспеде ғылыми аппарат толығымен негізделген, жүргізілетін жұмыстың кезеңдері айқындалған, зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу туралы мәліметтерді қамтиды.</p> <p>Диссертацияның бірінші бөлімінде болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуды зерттеудің теориялық негіздері ашылған. Ал екінші бөлімде Web технологияларды қолданып мұғалімдердің интеллектуалды қабілетін дамытудың әдістемелік қамтамасыз етілуі қарастырылған. Әрбір бөлімнен кейін оларға сәйкес тұжырымдар берілген. Қорытындыда зерттеудің негізгі тұжырымдары баяндалған. Қосымшада зерттеу материалдары және енгізу актілері көрсетілген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері логикалық өзара байланысты және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтсақ, зерттеу тақырыбы: «Болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға WEB технологияларды қолдану әдістемесі» болса, оған сәйкес мақсаты болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолдану әдістемесін ғылыми негіздеу деп тұжырымдалған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда толық байланысқан.</p> <p>Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін құрайды. Өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие және дәйекті зерттеу көздерін қолдану, өз нәтижелерін толыққанды талдау диссертацияның мақсаттылығын қамтамасыз етеді.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында докторант, бұрын белгілі болған ғалымдардың еңбектеріндегі мәселелерді заманауи сұранысқа сай салыстыра сыни талдау негізінде ол диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынды және дәлелдеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижеге қол жеткізді: Алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар:</p> <p>1. Математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін Web технологияларды қолданып дамытудың психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тұжырымдалуы зерттеудің теориялық негізі болатындығы;</p> <p>2. Web технологияларды қолданып математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамыту жолдары зерттеудің әдістемелік негізі бола алатындығы;</p> <p>3. Болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін WEB технологияларды қолдану арқылы дамыту әдістемесі математика мұғалімінің кәсіби дайындығын жетілдіреді және жоғары педагогикалық білімнің негізгі талаптарына жауап беретіндігі жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.</p> <p>Докторант математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолданудың теориялық негіздерін зерделеуде</p>

		жаңа болып табылады	нормативті құжаттар, ғылыми еңбектерге сараптау, талдау жасау арқылы негізделінген, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуінен, қорытынды жасауымен сипатталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген ба? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық және технологиялық шешімдер толығымен жаңа және оның негізделгендігін докторант болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолдану әдістемесін математиканы оқыту процесіне еңгізіп, білімгерлердің болашақ кәсіби қызметін жетілдіретінін растаған.
6.	Негізгі (қорытындылардың) тұжырымдардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдерге негізделген. Болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолданудың психологиялық-педагогикалық алғы шарттарын жасап, оқыту процесінде оны жүзеге асырған. Мәселені жанжақты теориялық талдау арқылы Web-сайт құрудың ережелері, әдістемелік техникалық талаптары тұжырымдалып, білім беру жүйесінің педагогтарына бағыт бағдар беретін Web-сайттың құрылымдық мазмұндық моделі ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма?	7.1 Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген. Теориялық бөлімде сыни талдау және автордың ғылыми тұжырымдары арқылы, сонымен қатар, практикалық бөлімде педагогикалық экспериментке, зерттеу нәтижелерін түсіндіруге және тұжырымдарды қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптарды орындау арқылы, қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген.

		<p>1) <u>иә</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	<p>7.2 Қорғауға алғаш рет ұсынылып отырғандықтан қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Иә, зерттеу жұмысындағы қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Диссертацияда қарастырылған теориялық және практикалық қағидаттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында қолданыла алады, сондықтан қолдану деңгейі кең. 7.5 Иә дәлелденген. Зерттеу нәтижелері докторанттың он алты еңбегінде жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысында әдіснаманы таңдауы негізделген. К.К.Забиева жұмысында философиялық, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдарға сүйенген, әдіснамалық тәсілдерді және оқыту, кәсіби бағыттылық принциптерді қолданған.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	Ия, докторант зерттеу мақсатын, қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістерін қолданған, яғни ЖОО-да математикалық пәндерді оқыту тәжірибесін бақылау және қорытындылау, оқытушылар, білімгерлермен әңгімелесу және сауалнамалар өткізу, әдістемелік материалдар мен оқу құралдарын әзірлеу және апробациялау, педагогикалық эксперимент және эксперимент барысында алынған деректерді статистикалық өңдеу жүзеге асырылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер</p>	Ия, теориялық тұжырымдар, әзірленген модель, анықталған қатынастар мен заңдылықтар үш кезеңде ұсынылған эксперименттік зерттеулермен дәлелденді. Эксперименттік зерттеу барысында алынған нәтижелер таңдалған зерттеу әдістерінің тиімділігін растады.

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>	Диссертациялық зерттеулердің авторы өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, маңызды тұжырымдарды растаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері бар 140 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Бұл зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді шешу механизмдерін анықтау үшін жеткілікті деп санаймын.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар, себебі бірінші бөлімде «интеллект», «интеллектуалды қабілет», «когнитивті қабілет», «математикалық қабілет» «білім беруді ақпараттандыру», «ақпараттық мәдениет орталығы» т.с.с. сияқты ұғымдардың мәні ашылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің негізі - болашақ математика мұғалімдерін дайындауда кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Сол сияқты, Web технологияларды оқыту процесінде қолданудың әдістемесін білімгерлерге, мектеп мұғалімдеріне әдістемелік нұсқау ретінде ұсынуға болады. Бұл диссертациялық жұмыстың практикалық маңызын және оны практикада қолдануға болатындығын көрсетеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Ұсынылған сайттың моделі, арнайы курстардың

		2)жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3)жана емес (25% - кем жана болып табылады)	бағдарламалары, оқу және электрондық оқу құралдары жоғары білім беру саласындағы мұғалімдердің кәсіби дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді және оны оқу процесінде қолдануға болады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу стилі және рәсімдеу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс оған қойылған талаптарға сәйкес.

Забиева Камшат Казбековна өз зерттеуінде көп жылғы тәжірибесін қолданғандығы байқалады. Сонымен қатар, осы жұмысқа байланысты мынадай сын-пікірлер айтуға болады:

1. 1 бөлімнің 1.1 бөлімшесінде Стивен Ковидің сипаттаған интеллектің 4 түрін талдап ашқасыз, бірақ интеллект коэффициенттерін анықтайтын интеллект тестері туралы аз мағлұмат бергесіз.

2. Диссертациялық жұмыс жазу барысында ғылыми-стилистикалық және ғылыми термин сөздерінің біркелкілігі сақталу керек.

3. Диссертациялық жұмыстың практикалық қолданыс ауқымын кеңейту үшін, «Ойын арқылы-шығармашылыққа» элективті курсы мектеп мұғалімдері пайдалана алатындай. Әдістемелік нұсқаулар дайындалып ұсынылса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

Бұл көрсетілген кемшіліктер зерттеу жұмысының маңыздылығы мен ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

Забиева Камшат Казбековнаның 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ математика мұғалімдерінің интеллектуалды қабілетін дамытуға Web технологияларды қолдану әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Ресми рецензент:
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика
университеті



Т.Ж. Байдильдинов